

Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 1 маусымдағы № 169 "2010 жылғы сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті әскери қызметке шақыру туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Қарғалы ауданының әкімдігінің 2010 жылғы 14 қазандағы № 333 қаулы. Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық Әділет басқармасында 2010 жылғы 8 қарашада № 3-6-109 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 30 наурыздағы № 90 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық әкімдігінің 2011.03.30 № 90 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 28 бабына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 1 маусымдағы № 169 «2010 жылғы сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті әскери қызметке шақыру туралы» қаулысына (нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-6-104 тіркелген, аудандық «Қарғалы» газетінің 2010 жылғы 8 шілдедегі № 41 (4545) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1 қосымшадағы аудандық шақыру комиссиясы құрамынан комиссия төрағасы **Құмаров Ардақ Мақсоткерейұлы** шығарылсын;

аудандық шақыру комиссиясы құрамына қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығының уақытша міндетін атқарушы **Шайжанов Данияр Жайлибайұлы** комиссия төрағасы болып кіргізілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **І. Д. Тынымгереевке** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.Сагиев